

"Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 шілдедегі N 742 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Орталық) акцияларының мемлекеттік пакеті "Ұлттық инновациялық қор" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) жарғылық капиталына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 1, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

реттік нөмірі 21-51-жол алынып тасталсын;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 237-14-жол алынып тасталсын;

3) "Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясын іске асыруға бағытталған ғылыми-инновациялық қызметті институционалдық қамтамасыз етуді дамыту жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 1 тамыздағы

N 775 қаулысына:

6-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

4) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ